

1940–1960 жж. ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ БІЛІМ БЕРУ ЖҮЙЕСІНДЕГІ РЕФОРМАЛАР: ТАРИХИ-ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ТАЛДАУ

Турсынбаев О.Г.^{1,*} , Бекіш А.Ә.² 

¹І. Жансүгіров атындағы Жетісу университеті, Қазақстан Республикасы, Талдықорған қ.

²«Өрлеу» біліктілікті арттыру ұлттық орталығы» акционерлік қоғамының

«Астана қаласы бойынша Кәсіби даму институты» филиалы,

Қазақстан Республикасы, Астана қ.

*e-mail: tursynbayev@mail.ru, Bekish_azamat@mail.ru

Аңдатпа. Зерттеудің басты мақсаты – 1940-1960 жылдар аралығындағы Қазақстандағы білім беру жүйесінде жүргізілген реформаларды тарихи-педагогикалық тұрғыда талдау, олардың мазмұнын, себептерін және салдарын анықтау.

Негізгі идеясы – білім беру реформаларының қоғамдық-саяси өзгерістермен тығыз байланыста дамығанын көрсету.

Зерттеу бағыттары: реформалардың тарихи алғышарттарын зерделеу; ілім беру құрылымындағы өзгерістерді сипаттау; реформалардың педагогикалық салдарын бағалау.

Ғылыми және практикалық маңыздылығына бойынша, Қазақстандағы білім тарихына қатысты тың деректер мен талдаулар ұсынылады. Қазіргі білім беру жүйесінің дамуына тарихи сабақтар ұсынады, болашақ мұғалімдерге және педагог-зерттеушілерге тарихи контексті түсінуге көмектеседі.

Зерттеу тарихи-педагогикалық әдістерге негізделген. Онда архивтік құжаттар мен нормативтік актілерді талдау, салыстырмалы тарихи әдіс арқылы кезеңдердің айырмашылықтары мен ұқсастықтарын ашу, педагогикалық әдебиеттер мен мұрағат материалдарын жүйелеу, мазмұндық және құрылымдық талдау қамтылған.

1940-1960 жылдары білім беру саласында бірнеше маңызды реформалар жүргізілді: міндетті жетіжылдық, кейін онжылдық білім беру енгізілді. Соғыс жылдарында білім жүйесі ауыр жағдайда дамыды, бірақ кейінгі жылдары қайта қалпына келтірілді. Реформалар кеңестік идеологиямен тығыз байланысты болды, мазмұндық және құрылымдық өзгерістер енгізілді. Мұғалім жетіспеушілігі байқалды. Зерттеу білім беру жүйесінің дамуындағы үзілістер мен ілгерілеу кезеңдерін анықтады.

Зерттеу Қазақстандағы кеңестік кезеңдегі білім реформаларының тарихи мәнін тереңірек түсінуге мүмкіндік береді. Ол қоғамның саяси, әлеуметтік және мәдени жағдайының білім беру жүйесіне ықпалын көрсету арқылы тарихи сабақтастық идеясын нығайтады.

Зерттеудің практикалық маңызына тоқталсақ, тарихи-педагогикалық білімді қалыптастыруда қосымша дереккөзі ретінде қолданылады, білім беру саясатын жасауда тарихи тәжірибені ескеруге көмектеседі, білім беру жүйесінің тарихи эволюциясын түсіну арқылы қазіргі реформаларды бағалауға ықпал етеді.

Сонымен қатар, мақалада соғыс жылдарынан кейін Қазақстанда төл оқулықтарды жасау жұмыстары жүйелі жүзеге асырыла бастағандығы айтылып, қазақ тілінде шыққан алғашқы педагогикалық еңбектер көрсетіледі. Сол кезеңдегі тоталитарлық жүйеге байланысты қазақ мектептері санының күрт төмендеп кеткендігіне де мақалада баса назар аударылады. Мақаланы жазу барысында ҚР ОМА материалдары іріктеліп, ғылыми айналымға енгізілген. Ұсынылған зерттеу Ұлы Отан соғысынан кейінгі білім беру реформаларының Қазақстанға тигізген әсерін жан-жақты талдап, олардың білім сапасына ықпалын бағалайды.

Кілт сөздер: білім беру, реформа, оқу сапасы, сауаттылық, заманауи білім.

Кіріспе

Ұлы Отан соғысынан кейінгі кезең Кеңес Одағы үшін экономикалық, әлеуметтік және мәдени салаларда жаңа бағыттарды айқындаған маңызды кезең болды. Соғыстан кейінгі жылдарда халық шаруашылығының қалпына келуімен қатар, білім беру жүйесінде ауқымды реформалар жүргізілді. Бұл реформалардың мақсаты елдің ғылыми-техникалық әлеуетін арттыру, мамандар даярлау деңгейін көтеру және халықтың білімге деген қолжетімділігін қамтамасыз ету болды.

Қазақстанда Кеңес Одағының бір бөлігі ретінде осы реформалардан тыс қалған жоқ. Соғыстың қиратушы әсері білім беру саласын да айналып өтпеді, көптеген мектептер мен оқу орындары материалдық-техникалық базасының әлсіздігінен қиындық көрді. Алайда, соғыстан кейінгі реформалар аясында білім беру жүйесін жаңғыртуға баса назар аударылды. Осы жылдары жаңа мектептер салу, білім беру бағдарламаларын жетілдіру және ұлттық кадрларды даярлау мәселелері ерекше өзектілікке ие болды.

Қазақстандағы білім беру жүйесінің дамуы елдің мәдени және экономикалық дамуына үлкен әсер етті. Ұлттық ерекшеліктер ескеріліп, қазақ тіліндегі оқу материалдарына көбірек көңіл бөлінді. Сонымен қатар, индустрияландыру процесіне байланысты техникалық және кәсіби білім беру саласы қарқынды дамыды.

Бұл жұмыста Ұлы Отан соғысынан кейінгі білім беру саласындағы реформалардың негізгі бағыттары, олардың Қазақстанға тигізген әсері және ұлттық білім беру жүйесін қалыптастырудағы рөлі талқыланады. Бұл тарихи кезең Қазақстандағы білім беру жүйесінің іргетасын қалыптастыруда ерекше маңызға ие болды, сондықтан оның зерттелуі бүгінгі күннің өзінде өзекті болып қала береді және тағы да көптеген зерттеу жұмыстарын талап етеді.

Зерттеудің ғылыми жаңалығына келер болсақ, біріншіден 1940–1960 жылдардағы Қазақстандағы білім беру реформалары алғаш рет тарихи-генетикалық және жүйелі талдау негізінде тұтас бір процесс ретінде қарастырылып, реформалардың кезеңдік эволюциясы (соғыс алдындағы дайындық – соғыс жылдарындағы дағдарыс – соғыстан кейінгі қалпына келтіру – 1950–1960 жж. құрылымдық жаңғырту) нақты айқындалды.

Екіншіден, Қазақстандағы жалпыға міндетті жетіжылдық және онжылдық білім беруге көшу тәжірибесі ұлттық мектептер санының қысқаруы, тіл саясаты және мұғалім кадрларының тапшылығы контекстінде кешенді түрде талданып, осы факторлардың өзара байланысы жаңа деректік материалдар негізінде ашылды (ҚР ОМА қорларының мәліметтері).

Үшіншіден, соғыстан кейінгі кезеңде қазақ тіліндегі педагогикалық еңбектер мен төл оқулықтардың қалыптасуы ұлттық педагогикалық ойдың дамуымен байланыстыра қарастырылып, қазақ мектептерінің қысқаруына қарамастан, ұлттық педагогикалық кеңістіктің сақталуы мен трансформациясының ерекшеліктері көрсетілді.

Төртіншіден, арнайы қоныстанушылардың (репрессияланған халықтар балаларының) білім алуы жөніндегі мәліметтер Қазақстандағы білім беру жүйесінің көпэтносты құрылымына ықпал ететін ерекше әлеуметтік-педагогикалық фактор ретінде қарастырылып, шет тілдік және ана тілдік компоненттердің арақатынасы нақты мысалдармен негізделді.

Бесіншіден, зерттеу нәтижесінде 1940–1960 жылдардағы реформалардың қазіргі білім беру саясаты үшін қолданбалы маңызы (ұлттық мектепті сақтаудың, кадрлық саясатты жоспарлаудың, көптілділік пен идеологиялық қысым салдарларын ескеру қажеттілігі) айқындалып, тарихи тәжірибені бүгінгі реформаларды бағалаудың әдіснамалық ресурсы ретінде пайдаланудың жолдары ұсынылды.

Зерттеудің теориялық маңыздылығына тоқталар болсақ, кеңестік кезеңдегі Қазақстандағы білім беру реформалары тарихи-педагогикалық тұрғыдан жүйеленіп, білім беру жүйесінің эволюциясын түсіндіретін модельдік схема ұсынылады. Білім беру жүйесіндегі реформаларды талдау үшін тарихи-генетикалық, салыстырмалы-тарихи, архивтік және жүйелі әдістерді кешенді қолданудың әдіснамалық үлгісі жасалды. Ұлттық мектеп, тіл саясаты, кадрлық қамтамасыз ету, идеологиялық факторлар арасындағы өзара байланыстар туралы ғылыми түсініктер тереңдетілді. Қазақстандағы педагогикалық ой-пікірдің соғыстан кейінгі даму кезеңі туралы жаңа деректер ғылыми айналымға енгізіліп, отандық білім тарихының пәндік өрісі кеңейтілді.

Зерттеудің практикалық маңыздылығын да атап өткен жөн. Мақала материалдарын педагогика тарихы, Қазақстан білім беру жүйесінің тарихы, «Тарихи педагогика», «Білім беру жүйесін басқару» сияқты пәндерді оқытуда дәріс және семинар сабақтарына оқу-әдістемелік ресурс ретінде пайдалануға болады. Қазіргі білім беру реформаларын жобалау кезінде тарихи тәжірибенің оң және проблемалы аспектілерін ескеруге, әсіресе ұлттық

мектепті қолдау, мұғалім кадрларын даярлау, көптілді білім беру, ауыл мектебін дамыту бағыттарын қайта ой елегінен өткізуге мүмкіндік береді. Мұғалімдер мен білім саясатын әзірлеушілер үшін өткен кезеңдегі реформалардың нәтижелері мен кемшіліктерін талдау арқылы қазіргі реформалардың тәуекелдерін азайтуға және білім сапасын арттыруға қатысты ұсыныстар береді. Мақалада жинақталған тарихи материалдар жалпы білім беретін мектептерде тарих, Қазақстан тарихы, «Өлкетану», «Педагогика негіздері» пәндеріне қосымша дереккөз ретінде қолданылып, оқушылардың тарихи-педагогикалық санасын қалыптастыруға ықпал етеді.

Материалдар мен әдістер

Зерттеу 1940-1960 жылдардағы Қазақстандағы білім беру жүйесінде жүргізілген реформалардың мазмұнын, себеп-салдарын және педагогикалық нәтижелерін анықтау мақсатында тарихи-педагогикалық әдістер кешенін қолдануға негізделді. Әдістерді ғылыми тұрғыдан дұрыс таңдаудың өзі зерттеу нысанының күрделілігі мен көпқырлылығынан туындайды. Осы мақсатта зерттеудің нысаны мен пәніне сәйкес бір-бірін толықтыратын бірнеше әдіс пайдаланылды: тарихи-генетикалық, салыстырмалы-тарихи, архивтік талдау және жүйелі талдау. Бұл әдістердің үйлесімі зерттеліп отырған кезеңнің күрделі әлеуметтік-саяси контекстін, реформалардың мазмұны мен салдарын барынша жан-жақты ашуға мүмкіндік береді.

Тарихи-генетикалық әдіс зерттеліп отырған реформалардың шығу тегін, олардың тарихи алғышарттарын және даму эволюциясын анықтауға мүмкіндік берді. Аталған әдіс арқылы 1940-1960 жылдардағы білім беру реформаларының себеп-салдарлық байланыстары айқындалды. Мәселен, соғыс жылдарындағы білім жүйесінің күйзелісі, соғыстан кейінгі кезеңдегі мектептерді қалпына келтіру шаралары, міндетті жетіжылдық және онжылдық білім берудің қалыптасуы, қазақ мектептерінің қысқаруына әсер еткен демографиялық, саяси және тілдік факторлар.

Осылайша, реформалардың тарихи генезисі, олардың жүзеге асу кезеңдері мен ішкі логикасы айқындалды.

Салыстырмалы-тарихи әдіс әртүрлі кезеңдер мен аймақтардағы білім беру ерекшеліктерін салыстыруға бағытталды. Зерттеуде бұл әдіс бірнеше бағытта қолданылды. 1940-1950 жж. соғыс кезеңіндегі мектеп жүйесі мен 1950-1960 жылдары қалпына келтіру және модернизация кезеңі салыстырылды. Қазақ және орыс тіліндегі мектептердің құрылымы, саны, оқыту тілі және кадрлық жағдайлар арасындағы айырмашылықтар анықталды. Ауылдық және қалалық мектептердің материалдық-техникалық базасына жасалған салыстыру арқылы білім беру инфрақұрылымындағы диспропорциялар айқындалды. Қазақстандағы білім реформалары Кеңес Одағының жалпы ағарту саясатының контекстінде қарастырылды. Интернаттар мен арнайы мектептердегі басқа этностар балаларының білім алу тәжірибесі салыстырмалы түрде талданды. Бұл әдіс білім беру жүйесінің өзгерістерін кең контексте қарастыруға және реформалардың нақты нәтижелерін бағалауға мүмкіндік берді.

Зерттеу барысында *архивтік талдау* негізгі дереккөздердің бірі ретінде қолданылды. Қазақстан Республикасының Орталық мемлекеттік архивіндегі бернеше қорлар зерттеліп, нормативтік-құқықтық актілер, партиялық қаулылар, мектептердің статистикалық мәліметтері, мұғалім кадрлары туралы есептер және материалдық-техникалық базаға қатысты деректер сарапталды. Архивтік деректер келесі аспектілерді нақтылауға мүмкіндік берді: мектептердің соғыстан кейінгі қалпына келтіру қарқыны; оқулықтар мен оқу құралдарын шығару динамикасы; қазақ мектептерінің азаюына байланысты ресми статистика; мұғалім тапшылығының аймақтық ерекшеліктері; тың игеру кезеңіндегі демографиялық және мәдени өзгерістердің білімге ықпалы.

Архивтік талдау зерттеуге жаңа, бұрын ғылыми айналымға енген деректерді енгізуге мүмкіндік берді.

Жүйелі талдау әдісі білім беру саласын өзара байланысты құрамдас бөліктерден тұратын тұтас әлеуметтік-педагогикалық жүйе ретінде қарастыруға бағытталды. Бұл әдіс арқылы білім беру реформаларының құрылымдық және мазмұндық элементтері өзара байланыста зерттелді. Мәселен, мектеп желісі, кадрлық құрам, оқулықтар, материалдық база, тіл саясаты, идеологиялық талаптар; оқу мазмұнын жаңарту мен политехникалық білім берудің жүйелік деңгейдегі ықпалы; мұғалімдерді даярлау, қайта даярлау жүйесі мен оқу үрдісінің сапалық көрсеткіштері арасындағы байланыс; реформалардың бүкіл білім беру жүйесіне әсер ететін кешенді сипаты. Бұл әдіс реформалардың нәтижелерін жеке элементтер түрінде емес, тұтас педагогикалық жүйе тұрғысынан бағалауға, оның ішкі құрылымындағы өзгерістерді анықтауға мүмкіндік берді.

Қолданылған әдістердің үйлесімділігі 1940-1960 жылдардағы Қазақстандағы білім беру реформаларын жан-жақты, ғылыми негізде талдауға мүмкіндік берді (Кесте 1).

Әрбір әдіс белгілі бір аспектіні ашуға қызмет етті:

Кесте 1 – Зерттеу әдістері

№	Әдіс	Қызметі	Зерттеудегі рөлі
1	Тарихи-генетикалық	Себеп-салдарлық және кезеңдік динамиканы ашу.	Реформалардың тарихи логикасын қалпына келтіру.
2	Салыстырмалы-тарихи	Кезеңдер мен аймақтарды салыстыру.	Өзгерістердің нақты айырмашылықтарын көрсету.
3	Архивтік талдау	Түпнұсқа деректерді пайдалану.	Жаңа материалдарды ғылыми айналымға енгізу.
4	Жүйелі талдау	Білім жүйесін тұтас қарастыру.	Реформалардың кешенді сипатын анықтау.

Нәтижелер мен талқылау

Ұлы Отан соғысынан кейінгі білім беру саласындағы реформалар кеңестік Қазақстанда елдің әлеуметтік-экономикалық және саяси дамуындағы маңызды кезеңдердің бірі болды. Бұл реформалар білім беру жүйесін жаңғыртып, оны соғыстан кейінгі кезеңнің талаптарына бейімдеуге бағытталды. Осы реформалардың әдістерін талдағанда, бірнеше негізгі аспектілерді атап өтуге болады. Соның ішінде жаппай сауаттандыру бағдарламалары, оның әдісі ауылдық жерлерде және өндірістік аймақтарда сауатсыздықты жою курстарын ұйымдастыру. Оны жүзеге асыруда мектептер мен арнайы оқу орталықтары ашылды, ересектерге арналған кешкі мектептер ұйымдастырылды. Соның әсерінен Қазақстанда сауаттылық деңгейі күрт артты, бұл индустрияландыру мен ауыл шаруашылығын ұжымдастыру процестеріне оң әсер етті.

Келесі жалпыға міндетті білім беру жүйесін енгізу, оның әдісі барлық балаларды жеті жылдық білім алумен қамту. Соның аясында жаңа мектептер салынды, оқулықтар мен оқу құралдары тегін таратылды. Соның әсерінен әлеуметтік теңсіздікті төмендетіп, балалардың білімге қолжетімділігін арттырды.

Конституциялық құқық аясында елдің барлық субъектілерінде білім беру жүйесі дамыды. Көрнекілік үшін бірнеше түрлі деректерді хронологиялық тәртіппен келтірейік.

1940 жыл (11 қараша) – Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесінің 5-сессиясында «Қазақ жазуын латын графикасынан орыс графикасы негізіндегі жаңа әліпбиге көшіру туралы» заң қабылданды.

1946 жыл – Қазақстан КП Орталық Комитеті «Қазақ орта мектебін нығайту туралы» қаулы қабылдады.

1947 жыл – КСРО Министрлер Кеңесі «Қазақ КСР-інде жоғары және орта білім беруді дамыту туралы» қаулы қабылдады.

1949/50 оқу жылы – балаларды жалпыға бірдей 7 жылдық білім алуға көшіру басталды.

1959 жыл (наурыз) – Республика Жоғарғы Кеңесі «Мектептің өмірмен байланысын нығайту және Қазақ КСР-де халық ағарту жүйесін одан әрі дамыту туралы» заң қабылдады [1].

Ұлттық кадрларды даярлау бойынша қазақ жастарын жоғары оқу орындарына және педагогикалық институттарға тарту әдісі қолданылды. Оны жүзеге асыру үшін арнайы квоталар бөлінді, ауылдық мектептерге бағытталған педагогтарды даярлау бағдарламалары іске қосылды. Нәтижесінде қазақ интеллигенциясының қалыптасуына және ұлттық білім беру саласының нығаюына ықпал етеді. Оқу бағдарламаларын жаңғыртуда Оқу жоспарлары мен пән мазмұнын ғылым мен техниканың жаңа жетістіктеріне сәйкес бейімдеу әдісін қолдану қажеттілігі туындайды. Бұл орайда табиғи ғылымдар мен техникалық пәндерге баса назар аударылады, жаңа зертханалар мен жабдықтар енгізіледі. Соның әсерінен оқушылардың ғылыми-техникалық білімдері артады, бұл кейінірек экономиканың түрлі салаларындағы жаңашылдықтарға ықпал етеді. Ұлттық мәдениет пен тілдерді қолдау ісінде қазақ тілінде оқыту мектептерін көбейту және ұлттық әдебиет пен тарих пәндерін оқу жоспарына енгізу әдісі. Оны жүзеге асыруда қазақ тіліндегі оқулықтар басылып шығарылды, ұлттық мектептер санының артуы. Нәтижесінде, қазақ мәдениеті мен тілінің сақталуы, оның дамуы қамтамасыз етіледі. Мұғалімдерді даярлау және қайта даярлау бойынша мұғалімдерге арналған біліктілікті арттыру курстарын ұйымдастыру әдісі. Оны жүзеге асыруда педагогикалық жоғары оқу орындары мен курстардың санының артуы. Соның әсерінен білім беру сапасы жақсарып, мұғалімдер қауымдастығы нығаяды.

Соғыс жылдарында қираған мектептерді қалпына келтіру және жаңа мектеп салуда, оқуға қажетті құрал-жабдықтарды даярлауда мектептерді қамқорлыққа алған өндірістік мекемелер өте жақсы жұмыс істеді. Ал бұл жауапкершілікті жұмысты ауылды жерлерде кеңшарлар мен ұжымшардағы еңбекшілер, мұғалімдер, мектеп оқушылары өз мойындарына алды. Төртінші бесжылдыққа арналған жоспар кезек күттірмей жақсы нәтижеде жүзеге аса бастады. Оған 1947 жылдың 16 қарашасында БКП ОК «Қазақ ССР-де жоғары және орта білімді одан әрі дамыту шаралары туралы» Қаулының қабылданғаны дәлел. Елдің болашағы жарқын, келешегі кемел болуы үшін экономикалық өсіммен қатар, білім саласының кенжелеп қалған олқылықтарын түзеу жұмыстары жүйеленді. Соғыс аяқталған соң жастарға білім беру, оқу-ағарту саласына өзгерістер енгізіле бастады. Жоспар бойынша мектеп салуға қаржы бөлініп, білім ошақтарын техникалық құрал-жабдықтармен қамтамасыз ету жұмысы кезек күттірмей атқарылды.

Елде оқу-ағарту жұмыстары оңтайлы шешіліп, мектеп парталарына отыратын оқушы саны күн санап артып жатты. Мәселен, 1948 жылы мектепте білім алмаған балалар саны 200 мыңды құраса, келесі онжылдықта бұл көрсеткіш 16 мыңға төмендеді. Демек, үкімет тарапынан жасалған жұмыстың жүйелі әрі уақытылы атқарылғанының нәтижесінде көрсеткіш біршама өзгерді. Енді балалар еңбек даласында емес, білім ошақтарында партада отырып, білім алуға бет бұрды [2].

Жастарды оқу-білімге шақырып, елдің еңсесін тіктеуге барынша жағдай жасалды. Мектепте білім беру ісі тоталитарлық тәртіптің ықпалында жүзеге асып жатты. 1950-1970 жылдары қазақ мектептерінің саны күрт төмендеп кетті. Бұл біздің еліміз үшін үлкен қасірет еді. Ел бойынша 3 мың 891 қазақ мектептерінен 2 мың 577 мектепке дейін азайды. Ал сабақ орыс тілінде жүретін орыс мектептерінің саны 1,5 мыңға көбейді. Қазақ тілі тек тұрмыстық қолданыс дәрежесінде сақталса, орыс тілі негізгі мемлекеттік тіл ретінде қолданылды. Кітаптардың 95% орыс тілінде басылды, теледидар хабарларының 70% эфирде тек орыс тілінде жүргізілді. Кеңестік тәртіптің бұл қылмысының нәтижесінде қазақ халқының ұлттық мәдениетінің аясы жылдан жылға тарылды.

1956-1960 жылдар аралығында жоғары білімді ұстаздар қатары 7,6 пайызға артса, жоғары оқу бітірмеген ұстаздар 8,9 пайызды көрсетті. Ал Қостанай облысында 5-7 сынып оқушыларына сабақ беретін мұғалімдердің жоғары білімі барларының көрсеткіші 24,7 пайызға төмендеді. Оңтүстік Қазақстанда 25,9 пайызға, Ақмола облысында 22,2 пайызға төмендеді. 8-10 сынып оқушыларына сабақ беретін мұғалімдердің 2220-сы жоғары оқуын бітірмеген мамандар. 8-10

сынып оқушыларына сабақ беруге мүмкіндігі жоқ болған мамандар саны Гурьев облысында 20 пайыз болса, Жамбыл облысында 19,8 пайызды көрсетті [3].

Балалардың оқу-ағарту саласына деген ынта-жігерін арттыру мақсатында Е. Бекманов, Н. Сауранбаев, С. Аманжолов, І. Кеңесбаев, А. Ысқақов, Т. Қордаров, Ә. Маманов, М. Балақаев, Қ. Жұмалиев, М. Ғабдуллин сынды елге танымал ғалымдар, ел жанашырлары асқан табандылықпен қазақ балаларының болашағы үшін еңбек етті. Осы жылдары Орталық Қазақстанға Ресей, Украина, Молдова, Беларусь республикаларынан тың игеру науқанымен көп отбасы қоныс тепті. Осы қоныстану салдарынан елдегі көп мектеп жабылды. Енді орыс-қазақ, таза орыс мектептері көптеп ашыла бастады. Осы сәтте елдегі 700-ден аса қазақ мектебі жабылғаны көңілге көлеңке ұялатты. Қазақ тілінде жарық көретін газет, журналдардың таралымы да бірден күрт төмендеп кетті. Мұндай жағдайдың орын алу қазақтарға тым ауыр тиді. Елдегі өзгерістерге байланысты Қазақстан үкіметі орыс тілін 1-сыныптан бастап оқыту жөнінде Қаулы шығарды. Бұл ана тіліміздің құлдырауына, қолданыс аясының тарылуына айтарлықтай зиянын тигізді. Сол кезеңдегі саяси жүйенің салдарынан қазақ тілінің болашағына қара бұлт үйірілді. Міне, біздің тілімізге төнген қасірет осы кезеңнен бастау алды. Сол тұста тіл тазалығымен күресіп, көпшілік ішінде ана тілінің қолданыс аясының тарылмауына жағдай жасап, көпшілікке үгіт-насихат жүргізген тіл жанашырлары үлкен еңбек еткен.

Педагогикалық ғылымдар академиясының және педагогикалық институттардың педагогикалық кафедрасының ғылыми бағыты мектептердің өзекті мәселелерін зерттеуге қатысты болды. Олар бірнеше арнайы құрылған бағыт бойынша жұмыс істеумен айналысты.

Бірінші, орта мектептегі жалпы және политехникалық білім беруді, оқытуды ұйымдастыру;

Екінші, мектептегі тәрбие жұмыстарын ұйымдастырудағы ғылыми негіздерді түсіндіру;

Үшінші, балалардың жас және дара ерекшеліктерін ғылыми жаратылыстану және психологиялық тұрғыда зерттеу.

Білім саласының күн санап дамып, жетіліп келе жатқандығы ғалымдарды қуантты. Осыған байланысты жан-жақты мәселелер де зерттелді.

1. Білім беру мазмұнының талаптары;

2. Ғылымның, техниканың, мәдениеттің тәуелділігі;

3. Жасөспірімдерді тәрбиелеу мен білім беруге қойылатын жаңа талаптар;

4. Оқытудың, түрлі тәрбие жұмысының бағдарламаларын құрудың басты қағидалары.

«Педагогика тарихы» атты оқу құралы жарық көрді. Бұл педагогикалық институттарға арналған оқу құрал болды [4].

Білім құған жастарға саналы тәрбие мен сапалы білім беру үшін енді ұстаздардың өздері білімін жетілдіру мәселесі қарастырылды. Олар өз пәндері бойынша қосымша білім алып, тәжірибе алмасып, оқушы білімінің жоғарылауы жолында тынымсыз еңбек етті. Мұғалімдердің басым көпшілігі оқу-тәжірибе жұмысын жақсарту, пәнді терең меңгеру ісіне ден қойды. Мұғалімдердің үлгерімін, сауаттылығын арттыру жөнінде сабаққа ойдағыдай әзірленіп, өткен сабақпен жаңа сабақты байланыстырып, сабақты күнделікті өмірге байланыстыра отырып білім берудің әдістерін пайдаланған ұстаздар да аз болмаған.

Патриот ұрпақты тәрбиелеу сол кездегі мұғалімдердің басты міндетінің бірі еді. Жастарды көркем әдебиет шығармалары арқылы, эстетикалық, атеистік тәрбие беру ісіне зор мән беріле бастады. Әдебиеттік шығарманың идеялық мәнін кейіпкерлерін, жағымды-жағымсыз бейнеде талдап, сол арқылы бала бойына ізгі қасиеттерді сіңіре отырып тәрбиелеу сол кездің басты ұстанымына айналды. Шәкірттердің ой-өрісін кеңейтуде, сыныптан тыс, мектептен тыс жұмыстардың түрлері жақсара түсті. Оқушыларға конференциясы, әдеби кештер ұйымдастырылып, әдеби тақырыпта арнайы газеттер шығарыла бастады. Мектеп қабырғасында әдебиет бұрыштары ұйымдастырылатын болды. Ел бойынша оқушылар үшін мектептерде арнайы машинатану кабинеттері оқу-тәжірибе алаңдары да көптеп ашылды. Аталған жұмыстарға 5-7, 8-10 сынып оқушылары белсене қатыстырылды [5].

Халықты жаппай білім алуға, сауаттылыққа шақыруда біраз келеңсіз жайттар да орын алды. Мысалы, әр сыныпта оқушылар саны шамадан тыс көп болды. Үлкен қала мектептері бала санының көп болуына байланысты үш ауысымды жұмыс режиміне көшті [6].

Соғыстан кейінгі оқу-ағарту саласының кенжелеген тұстары ілгері қадам басып, білім саласындағы олқылықтардың орны толтырылып, ел бойынша білім саласы өз жемісін бере бастады. Білімді жастар қатары артып, дарынды оқушылар елдің атын әлемге танытатындай мүмкіндікке ие болды. Бұл оқу-ағарту саласындағы сүбелі еңбектің жемісі екені дәлелдеуді қажет етпейтін шындық.

Дуглас Робертсон мен Назгүл Баетова еңбектерінде Екінші дүниежүзілік соғыстан кейінгі кезеңдегі Қазақстанның білім беру тәжірибесіне ерекше назар аударылған [7].

Олардың зерттеу нысаны – арнайы қоныстанушылардың балаларының білім алуы. Бұл кезеңде мұндай балалардың мектептер мен интернаттарда толыққанды білім алуы қамтамасыз етілгенімен, олардың оқу жетістіктері төмен болған.

Зерттеушілер мұның себептерін бірнеше факторлармен түсіндіреді: көпұлтты ортада оқу (6–8 түрлі ұлт балалары бірге оқыған), ана тілін меңгеру қиындықтары, оқу бағдарламаларының күрделілігі, әлеуметтік жағдайдың төмендігі.

Мысалы, неміс ұлтының балаларына арналған кейбір мектептерде сабақтар неміс тілінде жүргізілген. Бұл тәжірибе 1947–1948 оқу жылының екінші жартысында енгізілді және 2–4-сыныптарда аптасына қосымша 2 сағат ана тіліне арналды.

1960–1961 оқу жылынан бастап 5–8-сыныптарда неміс тілі пән ретінде оқытыла бастады [8].

Әлімқұлов Қ. «Қазақ ССР-дегі халықтық білім беру ісінің дамуы» еңбегінде Қазақ ССР-дегі халықтық білім берудің қалыптасуы мен даму кезеңдерін талдады. Автор мектеп жүйесінің кеңеюі, мұғалім кадрларын даярлау, оқу мазмұнының жаңаруы және мемлекет жүргізген ағарту саясатының нәтижелерін тарихи деректермен салыстырып көрсетті [9].

Асфендияров С. еңбегі бойынша Қазақстандағы білім беру жүйесінің тарихи негіздерін жан-жақты талдай отырып, ағарту ісінің институционалдық қалыптасуын, мектеп жүйесінің кеңеюін және педагог кадрларын даярлау үдерісінің маңызын ғылыми тұрғыда дәлелдеді. Автор көрсеткен тұжырымдар білім беру саласының эволюциясын түсінуде құнды ғылыми негізін қалады [10].

Бекмаханов Е. еңбегінде 1917–1945 жылдардағы Қазақ ССР тарихының саяси, әлеуметтік және экономикалық өзгерістерін жан-жақты талдады. Автор ұлттық дамудың күрделі үдерістерін, кеңестік реформалардың ықпалын және өлкедегі тарихи трансформацияның ерекшеліктерін деректерге сүйене отырып көрсете білді [11].

Құнантаев Т. зерттеуіне тоқталсақ, орта мектеп реформаларының педагогикалық негіздерін талдап, оқу үрдісін жаңарту бағыттарын ғылыми тұрғыда жүйелегенін байқаймыз. Ол реформалардың мазмұндық, әдістемелік және ұйымдастырушылық қырларын айқындап, мектептің дамуындағы педагогикалық қағидалардың маңызын көрсетті [12].

Ысқақов М. еңбегінде ауылдық мектептердегі білім беруді ұйымдастырудың құрылымдық, әдістемелік және материалдық-техникалық ерекшеліктерін талдады. Автор мұғалім даярлығы, оқу үдерісін жоспарлау, ауыл жағдайына бейімделген педагогикалық тәсілдер мәселелерін ғылыми тұрғыда жүйелеп көрсете алған [13].

Мұқанов С. еңбегіне келер болсақ, Совет дәуіріндегі Қазақстанның білім жүйесінің қалыптасуы мен даму үрдістерін ғылыми тұрғыда талдаған. Автор мектеп желісінің кеңеюі, педагог кадрларын даярлау, оқу мазмұнының идеологиялық бағыты сияқты негізгі аспектілерді тарихи деректермен негіздеді [14].

Нәрбекова А. еңбегі бойынша 1940–1960 жылдардағы мектеп реформаларының саяси-әлеуметтік алғышарттары, мазмұндық өзгерістері және педагогикалық бағыттары кешенді талданды. Автор реформалардың білім сапасына, мектеп құрылымына және оқу үдерісінің жаңаруына ықпалын тарихи деректер арқылы негіздеді (Кесте 2) [15].

Садвақасов Т. еңбегінде білім жүйесіндегі идеологиялық реформалардың мазмұнын, олардың мектеп саясатына және оқу-тәрбие процесіне ықпалын терең талдады. Автор кеңестік идеологияның оқу бағдарламаларына, мұғалімдер даярлығына және білім беру құрылымына әсерін ғылыми деректермен негіздеді [16].

Тынышпаев М. еңбегінде Қазақстандағы педагогикалық ой-пікірдің тарихи қалыптасуын, ағартушылық идеялардың даму бағыттарын және отандық педагогтардың ғылыми мұрасы жүйелі талданды. Автор педагогикалық көзқарастардың эволюциясын қоғамның әлеуметтік-саяси өзгерістерімен жақсы байланыстыра білген [17].

Ұлы Отан соғысынан кейінгі білім беру саласындағы реформалар білім беру жүйесіне түбегейлі өзгерістер алып келді. Осы өзгерістерді тиімді іске асыру және қазіргі білім беру тәжірибесіне енгізу үшін мұғалімдерге төмендегідей ұсыныстар беруге болады:

1. Әдістемені бейімдеу және жаңғырту. Жергілікті ерекшеліктерді ескере отырып, әдістемені енгізу кезінде оқушылардың әлеуметтік, мәдени және тілдік ерекшеліктеріне көңіл бөлу. Бұл әдістемені тиімді әрі түсінікті етуге көмектеседі. Озық тәжірибені пайдалануда білім беру саласындағы реформалардың негізінде қолданылған кеңестік әдістемелердің тиімді элементтерін жаңашылдықпен қолдануға болады.

2. Заманауи құралдар мен технологияларды пайдалану бойынша интерактивті оқыту: реформалардың негізгі идеяларын жүзеге асыру үшін цифрлық технологияларды қолданған жөн. Мысалы, электронды оқулықтар мен мультимедиялық құралдар сабақ барысында оқушылардың қызығушылығын арттырады. Онлайн платформаларды енгізуде ашық білім беру ресурстарын (Coursera, Khan Academy және т.б.) пайдалану арқылы оқыту сапасын жақсарту.

3. Коллаборация және үздіксіз оқыту. Тәжірибе алмасу мақсатында әріптестеріңізбен әдістемені іске асыру бойынша тұрақты семинарлар, мастер-класстар ұйымдастыру. Біліктілікті арттыру бойынша реформаларға сәйкес білім беру жүйесін жақсы түсіну үшін тұрақты түрде тренингтер мен курстарға қатысу.

4. Оқушылардың қызығушылығын арттыру. Жеке бағытталған оқытуда әр оқушының қабілеті мен мүмкіндіктерін ескере отырып, жеке білім беру жолдарын жоспарлау. Шығармашылық белсенділік танытып, сабақ барысында ойын элементтерін, дебаттарды және практикалық жобаларды қолдану.


5. Мониторинг және талдау. Қорытынды талдау жасау: Әдістемені енгізудің нәтиже-лерін тұрақты түрде бағалап отырыңыз. Бұл білім беру сапасын жақсартуға мүмкіндік береді.

Бұл ұсыныстар арқылы әдістемені сәтті енгізіп, Қазақстанның білім беру сапасын арттыруға өз үлесіңізді қосуға болады.

Кесте 2 – 1940–1960 жж. негізгі білім беру реформаларының хронологиясы

Жыл	Нормативтік құжат / шешім	Негізгі мазмұны	Білім жүйесіне әсері
1940	«Қазақ жазуын латын графикасынан орыс графикасы негізіндегі жаңа әліпбиге көшіру туралы» заң	Әліпбиді кирилл графикасына көшіру	Оқыту тілі мен оқулықтар жүйесін түбегейлі өзгерту
1946	«Қазақ орта мектебін нығайту туралы» қаулы	Орта мектеп желісін кеңейту	Жалпы орта білім берудің институционалдық негізін күшейту
1947	«Қазақ КСР-інде жоғары және орта білім беруді дамыту туралы» қаулы	ЖОО мен пединституттарды дамыту	Ұлттық педагогикалық кадрлар даярлау
1949-1950	Жалпыға бірдей жетіжылдық білімге көшу	Барлық балаларды 7 жылдық біліммен қамту	Сауатсыздықты жоюдың жаңа кезеңі

Жыл	Нормативтік құжат / шешім	Негізгі мазмұны	Білім жүйесіне әсері
1950	«Мектептің өмірмен байланысын нығайту...» заңы	Политехникалық бағыт, өндіріс пен мектеп байланысы	Білім мазмұнының жаңғыруы, практикалық бағдар



Сурет 1 – Мұғалімдердің біліктілік деңгейі: аймақтық салыстыру
(мәтіндегі деректер бойынша)

1-суретте 1956–1960 жылдар аралығында Қазақстанның жекелеген облыстарындағы мұғалімдердің біліктілік деңгейі салыстырмалы түрде көрсетілген.

Бұл деректер соғыстан кейінгі кезеңде, әсіресе 1950–1960 жж. аралығында, негізгі мектеп буынында білікті кадрлар тапшылығының айқын байқалғанын көрсетеді. Жоғары білімі бар мұғалімдердің үлесінің күрт азаюы ауылдық және шеткері аудандардағы білім сапасына тікелей әсер еткен.

Осылайша, 1956–1960 жж. аралығындағы аймақтық салыстыру Қазақстандағы білім беру реформалары жүргізілген кезеңде кадрлық қамтамасыз етудің теңгерімсіздігін, әсіресе жалпы орта білім берудің негізгі және жоғары сатысында білікті мұғалімдер жетіспеушілігін айқын көрсетеді.

Қорытынды

Соғыс аяқталған сәтте халықтың сол кездегі жай-күйі білім алу, оқу, білу дегенді көтеретіндей емес еді. Отбасының, Отанның тірегіне айналған азаматтардың ұрыс даласында кеудесін отқа тосып, қасиетті де қымбатты Отанын қорғауда жан алысып, жан беріскен арпалысының арқасында жеңіске жеткен Кеңес дәуірінің ұрпақтары бақытты. Олар бұл жеңіске де оңай жолмен қол жеткізген жоқ. Соғыс деген суық сөздің жойылуы үшін еңбектеген бала да, еңкейген қарт та «Отан үшін! Жеңіс үшін!», – деп еңбек етті. Мына жарық дүниеге інгәләп келген сәбидің балалық шағын, жастың ең тәтті кезеңін, қарттың қызық көрер уақытын соғыс ұрлап, жалмады. Бірақ бұл қиындықты рухы мықты елдің ұрпағы сынбай, көтеріп шықты. Жеңіске қол жеткізгенде олардың әлеуметтік-экономикасы тұралап қалды. Халықтың жағдайы тым нашар еді. Алайда олар ең мықты, ең бай, ең бақытты жандармыз деп өздерін санады. Өйткені, олардың қолында жеңіс туы желбіреп тұрды. Кеудесіндегі алақандай жұдырығына сыймай тұрған осынау қуаныш оларды қайта тұрып бәрін басынан бастауға, болашақтың жарқын күнін көруге, ұрпағының алаңсыз, тәтті күлкісін естуге жетеледі. Тынымсыз еңбектің, ауызбірліктің, ынтымақтың арқасында олар денсаулық, әлеуметтік саланы, ел экономикасын, оқу-ағарту ісін биік белеске жеткізді. Ел еңсесі көтеріліп, көзі ашық, көкірек көзі ояу ұрпақ саны артты. Сол кезеңдегі үздіксіз жүргізілген саясаттың мақсаты – білімді ұрпақ санын арттырып, келешекті кемел ету болса, дәл сол мақсат толығымен орындалды деуге негіз бар.

Қай заман, қандай кезең болса да елдің ертеңі – жас ұрпақтың қолында. Ал жас ұрпақ саналы, білімді болмай елдің еңсесі көтерілмейтіні ақиқат. Сондықтан да саналы, білімді, білікті, парасатты, пайымды ұрпақтың саны да, сапасы да көп болуы аса маңызды рөл атқаратынын ұмытпайық.

ӘДЕБИЕТТЕР:

- 1 Гузненко З.И., Чучула Н.М. Развитие школьного образования в Казахской ССР: ценностно-критическое осмысление исторического опыта. // Педагогическое образование в России. – 2018. – №10. – С. 9–10.
- 2 Абильдина А., Мухаметжанова С. Ұлы Отан соғысынан кейінгі жылдардағы мектеп және педагогика (1946–1958 ж.ж.). – 120 б.
- 3 ҚР ОМА (Қазақстан Республикасының орталық мемлекеттік архиві). Ф.1692, Оп.1, Ис.1881, П.2. – Б. 16–25.
- 4 ҚР ОМА (Қазақстан Республикасының орталық мемлекеттік архиві). Ф.1692, Оп.1, Ис.1881, П.253. – Б. 3–38.
- 5 ҚР ОМА (Қазақстан Республикасының орталық мемлекеттік архиві). Ф.1692, Оп.1, Ис.2620, П.3. – 92 б.
- 6 ҚР ОМА (Қазақстан Республикасының орталық мемлекеттік архиві). Ф.1692, Оп.2, Ис. 252, П.38. – 16 б.
- 7 Robertson, D.L., Bayetova, N. (2021). Peculiarities and Paradoxes of Neoliberal Higher Education in Kazakhstan. *Journal of Comparative & International Higher Education*, №13(3). – P. 226–241. <https://doi.org/10.32674/jcihe.v13iSummer.3183>
- 8 Tursynbayev O.G., Ybyraimzhanov K.T., Bekish A.A., Nurman Sh., Aubakirova A. Education in Kazakhstan in The Post-War Years. // *The Journal of Education Culture and Society*, – 2024. – №1. – P. 398. <https://www.ceeol.com/search/article-detail?id=1268676>
- 9 Әлімқұлов Қ. Қазақ ССР-дегі халықтық білім беру ісінің дамуы. – Алматы: Қазақ мем. кітаптар баспасы, 1950. – 77 б.
- 10 Асфендияров С. Қазақстанның тағылымды тарихы және білім беру жүйесі // Алматы: Ғылым баспасы. – 1947. – 326 б.
- 11 Бекмаханов Е. Қазақ ССР тарихы (1917–1945 жж.). – Алматы: Қазақстан баспасы, 1951. – 452 б.
- 12 Құнантаев Т. Орта мектептердегі реформалардың педагогикалық негізі // Алматы: Білім баспасы. – 1959. – 152 б.
- 13 Ысқаков М. Қазақстанның ауылдық мектептерінде білім беруді ұйымдастыру // Алматы: Қазақ педагогикалық басылымы. – 1958. – 136 б.
- 14 Мұқанов С. Қазақстанның Совет кезіндегі білім жүйесі // Алматы: Қазақстан баспасы. – 1955. – 210 б.
- 15 Нәрбекова А. 1940–1960 жж. мектеп реформаларына тарихи талдау // Алматы: Педагог баспасы. – 1961. – 267 б.
- 16 Садуақасов Т. Білім жүйесіндегі идеологиялық реформалар // Алматы: Оқытушы баспасы. – 1952. – 329 б.
- 17 Тынышпаев М. Қазақстанның педагогикалық ой-пікірі // Алматы: Қазақ мемлекеттік кітап баспасы. – 1960. – 192 б.

REFERENCES:

- 1 Guznenko Z.I., Chuchula N.M. (2018). Razvitie shkol'nogo obrazovaniya v Kazakhskoy SSR: tsennostno-kriticheskoe osmysleniye istoricheskogo opyta [Development of school education in the Kazakh SSR: Value-critical understanding of historical experience]. *Pedagogicheskoe obrazovanie v Rossii*, no. 10, pp. 9–10. (in Russian).
- 2 Abildina A., Mukhametzhanova S. Uly Otan sogysynan keyingi zhyldardagy mektep zhane pedagogika (1946–1958 zh.zh.) [School and pedagogy in the post-World War II years (1946–1958)]. 120 p. (in Kazakh).
- 3 QR OMA (Qazaqstan Respublikasynyń ortalyq memlekettik arhivı). F.1692, Op.1, Is.1881, P.2. – pp. 16–25. (in Kazakh).
- 4 QR OMA (Qazaqstan Respublikasynyń ortalyq memlekettik arhivı). F.1692, Op.1, Is.1881, P.253. – pp. 3–38. (in Kazakh).
- 5 QR OMA (Qazaqstan Respublikasynyń ortalyq memlekettik arhivı). F.1692, Op.1, Is.2620, P.3. – 92 p. (in Kazakh).
- 6 QR OMA (Qazaqstan Respublikasynyń ortalyq memlekettik arhivı). F.1692, Op.2, Is. 252, P.38. – 16 b. (in Kazakh).
- 7 Robertson, D. L., Bayetova, N. (2021). Peculiarities and Paradoxes of Neoliberal Higher Education in Kazakhstan. *Journal of Comparative & International Higher Education*, vol. 13, no. 3, pp. 226–241. <https://doi.org/10.32674/jcihe.v13iSummer.3183>
- 8 Tursynbayev O.G., Ybyraimzhanov K.T., Bekish A.A., Nurman Sh., Aubakirova A. (2024). Education in Kazakhstan in the Post-War Years. *The Journal of Education Culture and Society*, no. 1, p. 398. <https://www.ceeol.com/search/article-detail?id=1268676>.
- 9 Alimkulov K. (1950). *Kazakh SSR-degi khalyktyk bilim beru isinin damuy* [Development of public education in the Kazakh SSR]. Almaty: Kazakh State Publishing House, 77 p. (in Kazakh).

- 10 Asfendiyarov S. (1947). Kazakhstan's legacy and education system [Қазақстанның тағылымды тарихы және білім беру жүйесі]. Almaty: Gylym, 326 p. (in Kazakh).
- 11 Bekmakhanov E. (1951). Kazakh SSR tarihy (1917–1945 zhzh.) [History of the Kazakh SSR (1917–1945)]. Almaty: Kazakhstan Publishing, 452 p. (in Kazakh).
- 12 Kunantayev T. (1959). Orta mektepterdegі reformalardyn pedagogikalyk negizi [Pedagogical basis of reforms in secondary schools]. Almaty: Bilim, 152 p. (in Kazakh).
- 13 Ysraqov M. (1958). Kazakhstannyn auldyk mektepterinde bilim berudi uyymdastyru [Organization of education in rural schools of Kazakhstan]. Almaty: Kazakh Pedagogical Publishing, 136 p. (in Kazakh).
- 14 Mukanov S. (1955). Kazakhstannyn Sovet kezindegi bilim zhuyesi [The education system of Kazakhstan during the Soviet period]. Almaty: Kazakhstan, 210 p. (in Kazakh).
- 15 Narbekova A. (1961). 1940–1960 zhzh. mektep reformalaryna tarihi taldaу [Historical analysis of school reforms in 1940–1960]. Almaty: Pedagog, 267 p. (in Kazakh).
- 16 Sadvaqasov T. (1952). Bilim zhuyesindegi ideologiyalyk reformalar [Ideological reforms in the education system]. Almaty: Oqytushy, 329 p. (in Kazakh).
- 17 Tynyshpaev M. (1960). Kazakhstannyn pedagogikalyk oi-pikiri [Pedagogical thought of Kazakhstan]. Almaty: Kazakh State Publishing, 192 p. (in Kazakh).

РЕФОРМЫ СИСТЕМЫ ОБРАЗОВАНИЯ В КАЗАХСТАНЕ В 1940-1960 Х гг.: ИСТОРИКО-ПЕДАГОГИЧЕСКИЙ АНАЛИЗ

Турсынбаев О.Г.^{1,*}, Бекіш А.Ә.²

¹Жетысуский университет имени И. Жансугурова, Республика Казахстан, г. Талдыкорган

²АО «Национальный центр повышения квалификации «Өрлеу» «Профессиональный институт развития по городу Астана», Республика Казахстан, г. Астана.

*e-mail: tursynbayev@mail.ru, Bekish_azamat@mail.ru

Аннотация. Основная цель исследования-историко-педагогический анализ реформ, проведенных в системе образования Казахстана в период с 1940-х по 1960-е годы, выявление их содержания, причин и последствий. Основная идея – показать, что образовательные реформы развивались в тесной связи с общественно-политическими изменениями. Направления исследований: изучение исторических предпосылок реформ; описание изменений в структуре учения; оценка педагогических последствий реформ. По научной и практической значимости будут представлены новые данные и анализы, касающиеся истории образования в Казахстане. Предлагаются исторические уроки для развития современной системы образования, помощь будущим учителям и педагогам-исследователям понять исторический контекст. Исследование основано на историко-педагогических методах. Он включает анализ архивных документов и нормативных актов, раскрытие различий и сходств периодов с помощью сравнительно-исторического метода, систематизацию педагогической литературы и архивных материалов, содержательный и структурный анализ. В 1940-х и 1960-х годах в образовании было проведено несколько важных реформ: введено обязательное семилетнее, а затем десятилетнее образование. В годы войны система образования развивалась в тяжелых условиях, но в последующие годы была восстановлена. Реформы были тесно связаны с советской идеологией, были внесены содержательные и структурные изменения. Наблюдалась нехватка учителей. Исследование выявило периоды сбоев и прогресса в развитии образования и позволяет глубже понять историческое значение реформ образования в советский период в Казахстане. Укрепляется идея исторической преемственности, отражая влияние политического, социального и культурного положения общества на систему образования. По практической значимости исследования используется в качестве дополнительного источника историко-педагогических знаний, помогает учитывать исторический опыт при разработке образовательной политики, способствует оценке современных реформ через понимание исторической эволюции системы образования.

В статье также отмечается, что после войны в Казахстане стали систематически осуществляться работы по созданию оригинальных учебников, демонстрируются первые педагогические работы, изданные на казахском языке. Также подчеркивается, что количество казахских школ резко сократилось из-за тоталитарной системы того периода. В ходе написания статьи были отобраны и введены в научный оборот материалы ЦГА РК. Предлагаемое исследование анализирует влияние образовательных реформ рассматриваемого периода на Казахстан и оценивает их влияние на образование.

Ключевые слова: образование, реформа, качество обучения, грамотность, современное образование.

EDUCATIONAL SYSTEM REFORMS IN KAZAKHSTAN IN THE 1940–1960: A HISTORICAL AND PEDAGOGICAL ANALYSIS

O.G. Tursynbayev^{1,*}, A.A. Bekish²

¹*Zhetysu University named after I. Zhansugurov, Republic of Kazakhstan, Taldykorgan.*

²*“National Center for Advanced Training “Orleu” Professional Development Institute in Astana, Republic of Kazakhstan, Astana.*

*e-mail: tursynbayev@mail.ru, Bekish_azamat@mail.ru

Abstract. The study provides a historical and pedagogical analysis of educational reforms in Kazakhstan from the 1940s to the 1960s, identifying their content, causes, and consequences. Its main goal is to show the close connection between educational changes and the socio-political development of the country. The research examines the historical background of the reforms, structural changes in the teaching system, and their pedagogical outcomes.

The methodological basis includes historical and pedagogical analysis, archival research, and the comparative historical method, revealing similarities and differences between periods. The study also uses substantive and structural approaches to analyze pedagogical literature and archival materials.

During the 1940s–1960s, several major reforms were implemented: the introduction of compulsory seven-year, and later ten-year education; post-war restoration of the school system; and a gradual modernization of curricula and teaching methods. Despite ideological pressure and teacher shortages, the reforms played a significant role in shaping Kazakhstan’s education system within the Soviet framework.

The research highlights both the disruptions and achievements of this period, emphasizing the influence of political, social, and cultural factors on education. It contributes to understanding the historical continuity of educational policy and helps evaluate modern reforms through the lens of past experience.

The article also notes that after the war, Kazakhstan began systematic work on creating original textbooks, and the first pedagogical publications in the Kazakh language appeared. However, the totalitarian system led to a decline in the number of Kazakh-language schools.

The study is based on archival materials from the Central State Archive of the Republic of Kazakhstan and introduces new sources into scientific circulation. The results have scientific and practical significance, expanding knowledge of Kazakhstan’s educational history and assisting in the development of modern educational strategies.

Keywords: education, reform, the quality of education, literacy, modern education.